

Жеңіл өнеркәсіп бойынша дайджест 2020 жылғы қаңтар-маусым



Жеңіл өнеркәсіп өндірісі көлемінің серпіні, млрд. теңге




Түсініктеме:

2020 жылғы қаңтар-маусымда ҚР-дың жеңіл өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі 56 млрд.теңгені құрады, бұл номиналды мәнде 2019 жылғы баламалы кезеңнен 10%-ға жоғары. 2020 жылғы қаңтар-маусымда өнімнің нақты көлем индексі 108%-ды құрады. Мақта талшығын, мақта маталарын және төсек жаймаларын өндіру көлемінің өсуі есебінен тоқыма өнімдерін өндіруде (108,4%); киім өндірісінде (102,1%) негізінен мемлекеттік/корп. тапсырыстар бойынша арнайы киімдерді жеткізу есебінен өсу, сондай-ақ COVID-19 індетіне қарсы күрес кезеңінде маска мен арнайы киім тігуге көптеген тігін кәсіпорындары, оның ішінде "Dalatex" ЖШС, "Большевичка" ЖШС, "КазЛегПром" ЖШС, "Жанарыс" ЖШС және т.б. маска тігуге тартылды; спорттық аяқ киімдерден басқа, металды қорғағыш тұмсығы бар аяқ киімдерден және әртүрлі арнайы аяқ киімдерден басқа, былғары және оған қатысты өнімдер өндірісінде (106,6%) теріден жасалған аяқ киім өндірісінің өсуі есебінен болды.

**ҚР өңірлері бойынша жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің өндірісі
2020 жылғы қаңтар-маусым, млрд. теңге**

(Саланың негізгі шоғырлануы: Түркістан облысы, Шымкент қаласы, Алм. облысы)




2020 жылғы қаңтар-маусымдағы жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру көлемі 2019 жылғы баламалы кезеңмен салыстырғанда

Ең жоғары өсім келесі тауарлар бойынша байқалады: мақта талшығы 2,6 есе, төсек-орын жабдықтары (+24%), тоқылмаған материалдар (+23%), спорттық аяқ киімдерден, металды қорғағыш тұмсығы бар аяқ киімдер және әртүрлі арнайы аяқ киімдер басқа, үсті былғарыдан жасалған аяқ киімдер (+19,3%)
Барынша төмендеу трикотаж сырт киім (-50%), ІҚМ терісі мен тері (-33,2%), трикотаж шұлықтар (-31%), свитерлер, жемпірлер, пуловерлер, кардигандар, кеудешелер және машинамен немесе қолмен тоқылған ұқсас трикотаж бұйымдар (-28%)



САУДА КӨРСЕТКІШТЕРІ
ЖӘНЕ ӨТКІЗУ
НАРЫҚТАРЫ



Экспорт

2020 жылғы қаңтар – мамырда жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің экспорты 2019 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 35% - ға қысқарды және 65,7 млн. АҚШ долларды құрады. Жеткізілімдердің қысқаруы COVID-19 індетіне байланысты барлық елдерде карантиндік шаралардың енгізілуіне байланысты.

Импорт

2020 жылғы қаңтар-мамырда жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің импорты 520,8 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2019 жылғы ұқсас көрсеткіштен 25,5% - ға төмен. Импорттық өнімнің қысқаруы COVID-19 жағдайына байланысты.

2020 жылғы қаңтар-мамырдағы жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің негізгі түрлерінің экспорты/импортының құрылымы

ТАУАР АТАУЫ	Экспорт
Мақта талшығы	62%
Сіндірілген, қаптамасы бар немесе поливинилхлоридпен қатырмаланған тоқыма материалдар	6%
Төсек-орын	5%
М/м маталар	4%
Басқалар	23.
Барлығы	100%

ТАУАР АТАУЫ	ИМПОРТ
Аяқ киім	19,3%
Ерлер мен әйелдер киімі	15%
Саквояждар, чемодандар, әйелдер сөмкелері	3%
Шұлық-ұйық өнімдері	2,7%
Басқалар	45%
Барлығы	100%

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҒИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАН



Мектеп формасын өндірушілер үлкен шығынға ұшырайды.



Өндірушілер өткен жылғы жинақтың жаңа форманы тігуге салынғанын айтады. Бірақ қазір олар бұл ақшаны қайтара ала ма, жоқ па белгісіз.

Отандық өнімдерден басқа, Қырғызстан мен Өзбекстаннан әкелінген мектеп формасы нарықтағы үлкен үлеске ие. Осы кезеңде мектеп жәрмеңкелері белсенді жұмыс істей бастады. Қазір базарлардағы жәрмеңке орындары бос тұр. Форманы сатушылар, қазір үй киімдерін сатады.

Қазақстанның жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының қауымдастығы БҒМ-ге мектеп формасы бойынша жағдайды түсіндіру өтінішімен хат жазды. Бірақ қауымдастық түсініктеме алған жоқ. Бұған дейін Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов алдағы оқу жылында оқушыларға мектеп формасын сатып алу міндетті емес екенін айтқан болатын.

"Мектеп формасы" ұғымы ешқайда кетпейді. Біз Білім және ғылым министрінің бұйрығына карантин жарияланған жағдайда, басқа шектеу шаралары болған кезде, форс-мажор жайттары болған кезде, ТЖ болған кезде, мысалы, ата - аналарға мектеп формасын сатып ала алмайтын болса, балаларын классикалық, іскерлік стильдегі қарапайым таза киіммен қамтамасыз ету мүмкіндігін береміз", – деді министр.

Дереккөз: informburo.kz

"Оңтүстік" АЭА жеңіл өнеркәсіпті дамыту үшін кеңейтіледі

"Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша біз қазіргі уақытта АЭА қызметіне талдау жүргізіп жатырмыз. АЭА тиімділігін арттыру үшін АЭА-ның үш жылдық кезеңге арналған даму стратегияларын пысықтау жүргізілуде, 3 АЭА ("Астана – технополис", "Qyzyljar", "Ақтау теңіз порты") аумағы кеңейтілді.

Жеңіл өнеркәсіпті дамыту үшін "Оңтүстік" АЭА аумағын кеңейту мәселесі пысықталуда", - деп мәлімдеді Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Аманияз Ержанов.

Сондай-ақ АЭА ("Turkistan", "Ақтау теңіз порты", "Инновациялық технологиялар паркі") қызметінің жаңа түрлері енгізілді және "АЭА қызметінің 20-дан астам жаңа артықшылықты түрін енгізу пысықталуда".

"АЭА және ИА дамыту мәселелері бойынша заңнамалық актілерге түзетулер дайындалды (МЖӘ және ерекше индустриялық аймақ құру мәселелері бойынша). "Қорғас" МЦПС АЭА тиімділігін арттыру бойынша кешенді жоспар әзірленуде", - деді Ержанов. Бүгінгі таңда Қазақстанда 13 АЭА құрылғанын және жұмыс істейтінін еске салды. Бүгінгі таңда 23 мыңнан астам жұмыс орны құрылды, бюджетке түсетін салық түсімдері 180 млрд теңгені құрады. Өнім өндіру көлемі 2,9 трлн теңгені құрады. "Барлық АЭА инфрақұрылымының құрылысына бюджеттік шығындар 344 млрд теңгені құрады, бұл ретте өңдеу өнеркәсібіне тартылған инвестициялар көлемі шамамен 1,1 трлн теңгені құрады, осылайша 1 бюджеттік теңгеге 3 теңгеден астам жеке инвестиция тартылды", - деп атап өтті Ержанов.

Дереккөз: uchet.kz

САЛАДАҒЫ ЖАҒАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ӘЛЕМ



Қырғызстан өзбек тоқымасын негізгі тұтынушыларының үштігіне енді



Мемстатком мәліметтері бойынша, бірінші жартыжылдықта өзбек тоқымасын ірі тұтынушыларының үштігіне алғаш рет Қырғызстан кірді.

Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында тоқыма экспорты бойынша Қырғызстан алғаш рет Түркиядан басып озды, оған қаңтар-маусымда \$99,1 млн. тоқыма жөнелтілді.

Тоқыма өнімі экспортының құрылымында м/м иірімжібі (49,1 %), сондай-ақ дайын трикотаж және тігін бұйымдары (27,9%) негізгі үлеске ие. 2020 жылғы қаңтар-маусымда тоқыма өнімдерінің 395-тен астам түрі әлемнің 56 еліне экспортталды.

Тоқыма өнімі экспортының көлемінің артуын дайын өнім шығару және шитті мақта өндірісінің орнына қосылған құнды қалыптастыру жөніндегі реформалардың нәтижесі ретінде тікелей қарастыруға болады, делінген ақпаратта.

"Узтекстильпром" қауымдастығының төрағасы Ильхом Хайдаровтың "Экономикалық шолу" журналына берген мәліметі бойынша, бүкіл әлем бойынша тоқыма өнеркәсібі COVID-19 індетіне байланысты үлкен шығындарға ұшырады. Сарапшылардың пікірі бойынша, әлемдік экономиканың тоқыма секторы пайданың 20% - ын жоғалтуы мүмкін

Дегенмен, дағдарыс сын-тегеуріндермен қатар бәсекелестік артықшылықтары бар экономика салаларына жаңа мүмкіндіктер береді.

Ильхом Хайдаров атап өткендей, республиканың тоқыма өнеркәсібі індетке неғұрлым дайын болды. Тоқыма секторы бүгінгі әлемнің шындығына бейімделе бастайды.

Коронавирус індеті денсаулық сақтау саласында қолданылатын тоқыма өнімдеріне сұранысты тудырды және бұл маскалар мен комбинезондар туралы ғана емес. Мұндай өнімдерге төсек-орын және медициналық киім жатады. Сонымен қатар, індет қазіргі әлемдік нарыққа әсер етеді және оның құрылымын өзгертеді, бұл өзбек тоқымасы үшін, кем дегенде, дәстүрлі нарықтарда мүмкіндіктер ұсынады, деді Ильхом Хайдаров.

Дереккөз: polpred.ru